

Aşağıda verilen I ve II numaralı metinleri okuyunuz, metinlerin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içerikleri hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz. İbray Altınsarin'in çocuklar için yazdığı şiiri ezberleyiniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

Ыбырай Алтынсарин (1841—1889)

Қазақтың алғашқы ағартушы-педагогы, балалар әдебиетінің негізін салушы, жазушы, этнограф Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 2 қарашада қазіргі Қостанай облысында туған. Оның әкесі ерте қайтыс болды. Ыбырайды атасы Балғожа тәрбиеледі. Ол ел арасында қадірлі би болған. Балғожа би өзінің немересін 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебіне береді.



Ыбырай жеті жылдық мектепті бітіреді. 1860 жылы ол қазақ балаларына мектеп ашу үшін, Торғайға келеді. Осыдан былай Ы.Алтынсаринның ағартушылық-педагогтік қызметі басталады. Ол жаңа мектептер салдырды. Ырғызда қазақ қыздары үшін жанында интернаты бар мектеп ашты. Қолөнер, ауыл шаруашылығы училищелерін ашуға көп күш жұмсап, Торғайда қолөнер училищесін ұйымдастырды.

Дарынды педагог 1879 жылы мектеп оқушыларына арнап “Қазақ хрестоматиясы” және “Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы” атты екі кітап жазып, бастырды. Ыбырай бар саналы ғұмырын өз халқына, жастарға білім беруге арнаған. Ол балаларға арнап көптеген өлең, әңгімелер жазды. “Бай баласы мен жарлы баласы”, “Қыпшақ Сейітқұл”, “Киіз үй мен ағаш үй”, “Надандық”, “Лұқпан Хакім” т.б. шығармалары сол кездегі елеулі мәселелерді көтерді. Ыбырайдың қай шығармасын алсаң да балаларды, білімге, еңбекке, адалдыққа, іскерлікке шақырады. Оның “Кел, балалар, оқылдық” деген өлеңін бар балалар жатқа біледі.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған...
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған,
Өнер білім — бәрі де,
Оқуменен табылған.